

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 20-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.01.2024 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 25 сәуірдегі
№ 325 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Халықаралық гуманитарлық көмек мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін құрылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы халықаралық гуманитарлық көмек мәселелері жөніндегі консультативтік–кеңесу органы;

2) көзделмеген шығындар – көзделмегендігіне байланысты ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді өзірлеу кезінде жоспарланбаған және ағымдағы қаржы жылында дереу, оның ішінде мемлекет кепілдік берген қарыздарды уақтылы өтемеу және оларға уақтылы қызмет көрсетпей Қазақстан Республикасы үшін беделдік және қаржылық салдарға әкеп соғатын тәуекелдер бойынша не инженерлік инфрақұрылым құрылышының қымбаттау және (немесе) тоқтап қалу тәуекелдері болған кезде қаржыландыруды талап ететін шығындар;

3) Қазақстан Республикасының ресми гуманитарлық көмегі – басқа мемлекеттердің аумағында әлеуметтік, әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатында Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттерге өтеусіз көрсететін көмек.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.12.2015 № 1027 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.06.2022 № 448 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану тәртібі

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдар резервтерінің қатаң нысаналы мақсаты бар әрі осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен ақша бөлу туралы шешімдерінде көзделмеген қажеттіліктерге пайдаланылмайды.

4. Тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен ақша бөлу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың шешімдерін, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның құқықтық актісін дайындау:

1) ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде осы мақсаттарға ақша болмаған;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың:

сottардың шешімдері;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақшаның үшінші абзацы 31.12.2024 қоса алғанға дейін қолданылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

3) Қазақстан Республикасының ресми гуманитарлық көмек көрсетуіне арналған төтенше резервті пайдалану туралы комиссияның оң ұсынымы болған;

4) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерін пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы болған;

5) ЗҚАИ-ның ескертпесі!

**5) тармақшаның бірінші абзацы 31.03.2025 қоса алғанға дейін қолданылды - ҚР
Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы қолдаухатқа, жиынтық есеп-қисаптарға, сондай-ақ оларға есеп-қисаптар мен негіздемелерге орталық атқарушы органның бірінші басшысының орынбасары қол қояды.

Егер Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы қолдаухат жергілікті атқарушы органдардың сұрау салуы бойынша ұсынылса, онда:

жиынтық есеп-қисапты облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекітеді және орталық атқарушы органның бірінші басшысының орынбасары келіседі;

қолдаухатқа негіздеме мен есеп-қисаптарға жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қояды.

Жергілікті атқарушы органдардың резервінен ақша бөлу туралы қолдаухатқа және жиынтық есеп-қисаптарға, сондай-ақ оларға есеп-қисаптар мен негіздемелерге тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қояды.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің жергілікті атқарушы органдарының сұрау салуы бойынша тиісінше облыстың, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резервтерінен қаражат бөлінген кезде:

жиынтық есеп-қисаптарды аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі бекітеді және облыстың, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органның бірінші басшысымен келісіледі;

негіздеме мен есеп-қисаптарға аудан (облыстық маңызы бар қала), аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органның бірінші басшысымен келісіледі.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан қираған тұрғын үйдің орнына тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен қаражат бөлінген жағдайда жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрғын үйі авариялық деп танылған зардал шеккен азаматтардың тізімін ұсынады, оған облыс (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің осы мәселеге жетекшілік ететін орынбасары қол қояды.

Зардап шеккен азаматтардың тізімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен растаушы құжаттардың негізінде жергілікті атқарушы органдар қалыптастырады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

5. Қаржы жылы ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен бөлінген ақша ішінде пайдаланылған жағдайда, бюджеттік бағдарлама әкімшісі ағымдағы қаржы жылышын 20 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті резервтерінен қаражат бөлу туралы қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның белгіленген тәртіппен әзірленген және қабылданған қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті резервін қалпына келтіру жолымен бөлінген ақшаның пайдаланылмаған бөлігін қайтаруды қамтамасыз етеді.

Қаржы жылы ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен бөлінген ақша пайдаланылмаған жағдайда, бюджеттік бағдарлама әкімшісі ағымдағы қаржы жылышын 20 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті резервтерінен қаражат бөлу туралы қаулысының күшін жою туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның белгіленген тәртіппен әзірленген және қабылданған қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті резервін қалпына келтіру жолымен бөлінген ақшаны қайтаруды қамтамасыз етеді.

Тиісті қаулы қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде (бұдан әрі – Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі) айқындалған тәртіппен тиісті қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыстың жергілікті атқарушы органның резервтерінен алынған ақшаны төмен тұрған бюджет ағымдағы қаржы жылышын ішінде толық пайдаланбаған немесе ішінде пайдаланған кезде тиісті жергілікті атқарушы орган бұл туралы қаражат бөлген жоғары тұрған бюджет әкімшісіне хабарлайды.

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі тиісті резервтен қаражат бөлу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстың жергілікті атқарушы органның қаулысына өзгерістер енгізу туралы не оның күшін жою туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстың жергілікті атқарушы органның қаулысын белгіленген тәртіппен әзірлейді. Тиісті қаулы қабылданғаннан кейін

Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде айқындалған тәртіппен жоғары тұрған бюджеттің тиісті қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізіледі.

Төмен тұрған бюджеттің бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы тиісті резервтен қаражат бөлу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстың жергілікті атқарушы органының қаулысына өзгерістер енгізу туралы не оның күшін жою туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстың жергілікті атқарушы органының қаулысы қабылданғаннан кейін тиісті жергілікті бюджетті белгіленген тәртіппен түзетуді жүзеге асырады.

Төмен тұрған бюджеттің бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы жоғары тұрған бюджеттің резервінен алынған, пайдаланылмаған қаражатты жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен бюджетке түсетін түсімдер сыйыптамасының тиісті кодынан қайтаруды жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.12.2018 № 893 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.01.2024 № 29 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен шетел валютасында бөлінген ақшаны қаржы жылы ішінде пайдаланбаған немесе ішінара пайдаланған жағдайда бюджеттік бағдарлама әкімшісі Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде белгіленген тәртіппен шетел валютасында бөлінген ақшаның пайдаланылмаған бөлігін резервтен қаражатты бастапқы бөлу жүргізілген валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайтаруды қамтамасыз етеді.

7. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген ақшаны қаржы жылы ішінде толық пайдаланбаған немесе ішінара пайдаланған жағдайда тиісті жергілікті атқарушы орган бұл туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлайды.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен бөлінген ақша ағымдағы қаржы жылы ішінде ішінара пайдаланылған жағдайда, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу туралы өзінің құқықтық актісіне өзгерістер енгізеді.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің

резервтерінен бөлінген ақша ағымдағы қаржы жылы пайдаланылмаған жағдайда азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен қаражат бөлу туралы өзінің құқықтық актісінің күшін жоюға қояды.

Тиісті құқықтық акті қабылданғаннан кейін Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде айқындалған тәртіппен жоғары тұрған бюджеттің тиісті қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізіледі.

Төмен тұрған бюджеттің бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдың құқықтық актісіне өзгерістер енгізілгеннен не оның күші жойылғаннан кейін тиісті жергілікті бюджетті белгіленген тәртіппен түзетуді жүзеге асырады.

Төмен тұрған бюджеттің бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органды жоғары тұрған бюджеттің резервінен алынған, пайдаланылмаған қаражатты азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдың кассалық шығыстарын қалпына келтіру жолымен бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының тиісті кодынан қайтаруды ағымдағы жылдың 20 желтоқсанына дейін жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.12.2018 № 893 қаулысымен.

7-1. Қазақстан Республикасының аумағында әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, сондай-ақ төтенше жағдай құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар өткізілген кезде төтенше жағдайдың тиісті түрі саласындағы орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдың қарауына тиісті негіздемелермен және есеп-қисаптармен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен ақша бөлу туралы өтінішхат ұсынады.

Бұл ретте орын алған әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай өнірлік немесе жаһандық ауқымда болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тапсырған жағдайда жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай кезінде Үкімет резервтерінен қаражат бөлуге жол беріледі.

Ескерту. 2-тaraу 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 22.09.2021 № 658 қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

8. 01.10.2020 бастап қолданысын тоқтатты - ҚР Үкіметінің 13.05.2020 № 289 қаулысымен.

9. Жергілікті ауқымдағы әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, сондай-ақ төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар өткізілген жағдайда тиісті жергілікті атқарушы органдың

резервінен ақша бөлу туралы өтінішхаттарды облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органы қарайды.

10. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың орын алғанын негіздейтін материалдарды, оларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды, материалдық-техникалық, қаржылық және адами ресурстардың тиісті негізdemелері мен есеп-қисаптарын ұсынудың тәртібі мен тізбесін, төтенше жағдай құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізу қажеттігін тиісті төтенше жағдай саласындағы орталық уәкілетті орган айқындаиды.

Кираған объектілерді салуға немесе күрделі жөндеуге төтенше резервтен ақша бөлінген жағдайда құжаттардың ішінде сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы да беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағындағы экологиялық зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйі тұруға жарамсыз болып қалған азаматтарға өтеусіз негізде беру үшін мемлекеттік тұрғын үй қорына тұрғын үй сатып алынған жағдайда төтенше жағдайдың тиісті түрі саласындағы орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақша бөлу туралы шешімнің жобасын енгізеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

11. Өнірлік және жаһандық ауқымдағы әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, сондай-ақ төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізу қажет болған кезде төтенше жағдайдың тиісті түрі саласындағы орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және (немесе) төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды өткізуге ақша бөлу туралы шешімнің жобасын енгізеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

12. Жергілікті ауқымдағы әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, сондай-ақ төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізу қажет болған кезде облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар ауданның және қаланың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органға әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы

төтенше жағдайларды жоюға және (немесе) төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды өткізуге ақша бөлу туралы шешімнің жобасын енгізеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

13. Төтенше резервтің ақшасы Қазақстан Республикасының "Төтенше жағдай туралы" және "Азаматтық қорғау туралы" заңдарында көзделген әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларға бағытталады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.01.2024 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13-1. Шығыстар тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың қаулыларында көзделген әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін іс-шараларға арналған төтенше резервтен қаржыландырылған кезде шығыстардың әрбір түрі бойынша бөлінген қаражаттың 50 %-ынан аспайтын мөлшерде (алдын ала) ақы төлеуге рұқсат етіледі.

Көрсетілген шығыстарды одан әрі қаржыландыруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің негіздейтін құжаттарды ұсынуына қарай бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар жүзеге асырады.

Ескерту. Қағида 13-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 25.05.2018 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.07.2019 № 492 қаулыларымен.

14. Басқа мемлекеттердің аумағындағы әлеуметтік, әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатында тиісті орталық мемлекеттік орган комиссия ұсынымдарының негізінде Қазақстан Республикасының ақша немесе тауар нысанында ресми гуманитарлық көмек көрсетуі үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын әзірлейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

Қазақстан Республикасының ресми гуманитарлық көмек көрсетуі Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.12.2019 № 938 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаржы жылышының

20 желтоқсанынан кейін төмен тұрған бюджеттерге нысаналы трансфертер түрінде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін,

Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда қаражат бөлуге жол беріледі.

16. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.12.2019 № 938 қаулысымен.

16-1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.12.2019 № 938 қаулысымен.

17. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.12.2019 № 938 қаулысымен.

18. Қазақстан Республикасының ресми гуманитарлық көмекті тауар нысанында көрсетуі үшін ұсынылған тауарлардың құнын, оларды тасымалдау бойынша көлік ұйымдарының шығыстарын, сондай-ақ материалдық құндылықтарды жөнелтуге және жеткізуге, азаматтық қорғау және денсаулық сактау салаларындағы уәкілетті органдардың құтқарушы және медициналық құралымдарын жіберуге байланысты шығыстарды өтеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде төтенше резервтен жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.10.2023 № 932 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18-1. Қазақстан Республикасының тауар нысанында ресми гуманитарлық көмек көрсетуі үшін ұсынылған тауарларды тасымалдау бойынша көлік ұйымдарының шығыстарын, сондай-ақ материалдық құндылықтарды жөнелтумен және жеткізумен байланысты шығыстарды өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының ресми гуманитарлық көмек көрсетуі туралы шешім қабылдаған күннен бастап он сегіз ай ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тaraу 18-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 07.06.2018 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.10.2020 № 641 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18-2. COVID-19 коронавирус инфекциясының одан әрі тарапуына жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар Қазақстан Республикасына ұсынған тауарларды тасымалдау жөніндегі көлік ұйымдарының шығыстарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының ресми ізгілік көмекті қабылдауы туралы шешім қабылдаған күннен бастап он сегіз ай ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тaraу 18-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 06.08.2021 № 533 қаулысымен.

19. Табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін мемлекеттік материалдық резервтен шығарылған материалдық құндылықтар үшін

шығындарды және оларды тасымалдау жөніндегі көлік ұйымдарының шығыстарын өтеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен жүзеге асырылады.

20. Табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін мемлекеттік материалдық резервтен шығарылған материалдық құндылықтар және оларды тасымалдау жөніндегі көлік ұйымдарының шығыстарын және нарыққа реттеушілік ықпал ету және босқындарға көмек көрсету үшін шығындарды өтеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде шұғыл шығындарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен жүзеге асырылады.

21. Броннан шығару тәртібімен шығарылған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары үшін шығындарды, сондай-ақ материалдық құндылықтарды жөнелтуді ұйымдастыру шығыстары мен жеткізу кезіндегі іссапар шығыстарын өтеу мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын броннан шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап жиырма төрт ай ішінде жүзеге асырылады.

Көлік ұйымдарының мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдау шығыстарын өтеу мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын броннан шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап он сегіз ай ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.10.2020 № 641 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

22. Төтенше жағдайлар аймақтарында, эвакуациялау маршруттарында және эвакуацияланатын адамдарды орналастыру орындарында адамдардың өмірін сақтауға және олардың денсаулығын демеуге бағытталған іс-шараларды қаржыландыру азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның құқықтық актісі негізінде өнірлік және жаһандық ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен жүзеге асырылады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтерінен ақша бөлу үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалаларының, астананың әкімдері азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген төтенше жағдай аймағындағы халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің ең аз нормаларына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 қарашадағы № 890 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12396 болып тіркелген) Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, оларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың орын алғанын, төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізу

қажеттілігін негіздейтін материалдарды, материалдық-техникалық, қаржылық және адами ресурстардың тиісті негіздемелерін ұсыну қағидаларына және тізбесіне сәйкес тиісті негіздеуші материалдарымен және жиынтық есеп-қисаптармен өтінішхат ұсынады.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ұсынылған материалдарды дұрыстыры мен толықтығы түрғысынан тексереді және қажетті негіздемелері мен есептеулері болмаған жағдайда жазбаша негіздей отырып өтінішхатты қайтарады.

Осы Қағидаларда көзделген шарттар сақталған кезде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу мақсатында материалдарды Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның қарауына енгізеді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен төтенше жағдай аймағындағы халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің ең аз нормаларының негізінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне ұсыныс енгізеді.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі тапсырмасының негізінде құқықтық акті қабылдайды және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөледі.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерістер енгізілді - КР Үкіметінің 10.07.2019 № 492; 24.01.2024 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

23. Бюджеті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының 15 қаңтарына дейін азаматтық қорғау саласындағы орталық уәкілетті органның өтінішхатының негізінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген жылдық жоспарлы тағайындау сомасында ақша қаражатын бөледі.

Азаматтық қорғау саласындағы орталық уәкілетті орган табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын, негізділігін және анықтығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

24. Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар туындаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резервтерінен өзге де көзделмеген шығындарға ақша қажеттілігі болған жағдайларда, тиісті мемлекеттік орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға тиісті негіздемелермен және есептеулермен бірге ақша бөлу туралы өтінішхат ұсынады. Бұл ретте тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бірлігінің құны негізделеді, ал жеке тұрғын үй құрылышын құрделі жөндеуді қоспағанда, құрделі (қалпына келтіру) жөндеу бойынша және бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға мыналар:

- 1) жобалық (жобалау-сметалық) құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы;
- 2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі (бірінші басшысы не бірінші басшы уәкілеттік берген тұлға) бекіткен нысаналы бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілерді (ғимараттар мен құрылыштарды, олардың кешендерін, инженерлік және көліктік коммуникацияларды) салуға арналған техникалық-экономикалық негіздеме немесе жобалау-сметалық құжаттама;
- 3) сұратылатын сомаға тапсырыс беруші бекіткен және жобалаушы қол қойған жиынтық сметалық есептеулер, жұмыс түрлері бойынша жергілікті сметалар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттар міндетті түрде болуы қажет.

Бұл ретте жеке тұрғын үй құрылышын құрделі жөндеу бойынша қажетті құжаттама Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасына сәйкес ұсынылады.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға (қалыптастыруға) Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резервтерінен ақша бөлінген жағдайда тиісті мемлекеттік орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға тиісті негіздемелермен, сондай-ақ бекітілген қаржы-экономикалық негіздемелермен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысымен бірге ақша бөлу туралы өтінішхатты ұсынады.

Ақпараттық жүйелерді құруға, енгізуге және дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен ақша бөлінген жағдайда, тиісті мемлекеттік орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға тиісті негіздемелермен бірге ақша бөлу туралы өтінішхатты, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген

техникалық-экономикалық негіздемені және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мен байланыс және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның оң қорытындысын ұсынады.

Төмен деңгейдегі әкімдердің өтінішхаты бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен қаражат ағымдағы нысаналы трансфертер нысанында да, нысаналы даму трансфертері нысанында да жоғары түрған бюджеттің тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері арқылы бөлінеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі іске асыру мерзімі бір қаржы жылынан астам авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын және әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын, сондай-ақ саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жоюға байланысты өзге де іс-шараларды жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның резервтерінен қосымша қаражат бөлу туралы келесі қаржы жылдарында шешім қабылдаған жағдайда, тиісті мемлекеттік орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тиісті негіздемелермен және есептеулермен бірге қосымша ақша бөлу туралы өтінішхат, сондай-ақ орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің (тауарлардың) көлемін көрсете отырып, өткен қаржы жылы үшін резервтен бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен нысаналы аударымға ақша бөлінген жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған және Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын занды тұлға акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға нысаналы аударымға жиынтық есептеулер мен негіздемелерді қоса бере отырып, ақша бөлу туралы қолдауhat ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген негіздемелер мен есептеулер болмаған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган өтінішхатты қараусыз қайтарады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.12.2015 № 968, 22.12.2015 № 1027 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 31.08.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 14.08.2019 № 595; 23.02.2021 № 88 қаулыларымен.

24-1. 01.01.2021 дейін қолданыста болды - ҚР Үкіметінің 13.08.2020 № 511 қаулысымен.

24-2. 01.01.2023 дейін қолданыста болды - ҚР Үкіметінің 26.01.2022 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24-3. Жаңа облыстар мен жаңадан құрылған облыстардың аудандары құрылған, сондай-ақ қазіргі облыстың әкімшілік орталығы ауыстырылған кезде тиісті орталық мемлекеттік орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мынадай:

автомобильдер сатып алу;

көшірілген мемлекеттік қызметшілерді қызметтік орналастыру үшін коммуналдық меншікке тұрғын үй сатып алу;

жергілікті өкілді, атқарушы органдардың және ведомствоның бағынысты ұйымдардың қызметкерлері үшін тұрғын үйді жалға алу;

жергілікті атқарушы, орталық, өкілді органдар мен ведомствоның бағынысты ұйымдарды орналастыру үшін ғимараттарды ағымдағы және күрделі жөндеу;

орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін, жергілікті өкілді, атқарушы органдарды және ведомствоның бағынысты ұйымдарды орналастыру үшін ғимараттар сатып алу;

жаңадан құрылған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың және тұрақтандыру қорларының жарғылық капиталын қалыптастыру;

әлеуметтік салада және денсаулық сақтау саласында жаңадан құрылған облыстық мекемелерді ұстау жағдайларына арналған негіздемелермен және есеп-қисаптармен бірге Үкімет резервінен қаражат бөлу туралы өтінішхат ұсынады.

Әрбір мақсат (шығыстар) бойынша есеп-қисаптар мен негіздемелер шығыстардың лимиттеріне, заттай нормаларға және тиесілік нормативтеріне сәйкес қаралады.

Ескерту. 2-тaraу 24-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2022 № 782 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24-4. 01.01.2024 дейін қолданыста болды - ҚР Үкіметінің 11.10.2023 № 897 қаулысымен.

24-5. ЗҚАИ-ның ескертпесі!

24-5-тармақ 31.03.2025 қоса алғанға дейін қолданылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

25. Орталық мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігінің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жою мақсатында жүргізілген, көлік құралдарын тартумен байланысты шығыстары және (немесе) орталық мемлекеттік органның өзінің теңгеріміндегі көлік құралдарын өзге мемлекеттік органға беру бойынша шеккен шығыстары кейіннен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шұғыл шығындарға арналған резервтің қаражатынан өтеледі.

Сондай-ақ мемлекеттің мұдделерін қорғау шенберінде халықаралық даулар бойынша кредиторлық берешек шұғыл шығындарға арналған резервтің қаражаты есебінен өтелуі мүмкін.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 05.05.2020 № 265 қаулысымен ; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

26. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ұсынылған өтінішхаттың негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың шұғыл шығындарға арналған резервтерінде көзделген қаражат шегінде ақша бөлу мүмкіндігі не мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.02.2021 № 88 қаулысымен.

27. Мемлекеттік органның өтінішхатына оң қорытынды болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервтерінен ақша бөлу туралы шешімінің жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы мемлекеттік орган дайындауды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервтерінен ақша бөлу туралы шешімінің жобасына осы мемлекеттік орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ақша бөлу туралы оң қорытындысының көшірмесін қоса береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті қаулысымен қаражат бөлінген мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның резервтерінен бөлінген қаражатты тиісті қаулыларда көрсетілген мақсаттарға шұғыл шығындарға пайдалануды және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.02.2021 № 88 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

27-1. 01.01.2023 дейін қолданыста болды - ҚР Үкіметінің 26.01.2022 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27-2. 31.12.2024 қоса алғанға дейін қолданыста болды - ҚР Үкіметінің 12.04.2024 № 272 қаулысымен.

28. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының және аумақтық бөлімшелерінің міндеттемелерін орындау сот шешімдері бойынша сот атқару құжаттары болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерін орындауға арналған резервінен қамтамасыз етіледі.

29. Зиян келтірген, сот шешімдері бойынша төлемдер жасауға міндетті мемлекеттік органдар (ведомстволар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздемелер болған жағдайда көрсетілген шешімдерге барлық сот инстанцияларында шағым жасауға тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот толтырған атқару құжаты түсken кезде одан әрі шағымдану үшін негізdemелер болмаған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттардың шешімдері бойынша міndettemelerdі орындауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы қаулы жобасын әзірлейді.

Соттардың шешімдері бойынша міndettemelerdі орындауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы әзірленген қаулы жобасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдарға келісуге жіберіледі. Бұл ретте қаулы жобасына атқару құжаттарының және барлық инстанциялардағы сот актілерінің көшірмелері қоса беріледі.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

30. Соттардың шешімдері бойынша төлемдер жүргізуге міndettі мемлекеттік органдар (ведомстволар) сот актілері түсken күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде шағым жасау рәсімін бастауға тиіс.

Атқарушылық іс жүргізуді қозғау кезінде, қажет болған жағдайда, сотқа оны тоқтата тұру не сот шешімін орындау мерзімін кейінге қалдыру туралы өтініш енгізуге тиіс.

31. Зиян келтірген мемлекеттік органдар (ведомстволар) заңсыз қабылдаған актілері, сондай-ақ әкімшілік басқару саласында өздерінің лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекеттері үшін осы органдардың иелігіндегі ақшаның есебінен өтейді.

32. Қылмыстық іс жүргіzetін органдардың лауазымды тұлғаларының кіnесі соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленсе, мұндай тұлғалар келтірген зиянды өтеген мемлекеттік органдар (ведомстволар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген қаражатты шегеру тәртібімен өтеу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шаралар қолданады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

33. Соттардың шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдардың міndettemelerін орындау сот атқару құжаттары болған кезде соттардың шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міndettemelerін орындауға арналған облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының резервтерінен қамтамасыз етіледі.

Соттардың шешімдері бойынша төлемдер жүргізуге міndettelген жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негізdemелер болған жағдайда көрсетілген шешімдерге барлық сот инстанцияларына шағымдануға тиіс.

Ескерту. 33-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.10.2017 № 668 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 01.11.2018 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2024 № 1153 қаулыларымен.

34. Жергілікті атқарушы органдар өздерінің заңсыз қабылданған актілері, сондай-ақ әкімшілік басқару саласындағы лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттері үшін осы органдардың иелігіндегі ақшаның есебінен өтейді.

35. Соттардың шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының резервтерінен ақша бөлу туралы тиісті жергілікті атқарушы орган шешімінің жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті атқарушы орган дайындайды.

Бұл ретте соттардың шешімдері бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның міндеттемелерін орындауға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының резервтерінен ақша бөлу туралы шешімнің жобасына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот актілері мен атқару құжаттарының көшірмелері қоса берілуге тиіс.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1153 қаулысымен.

36. Қолма-қол ақша тапшылығы болжамдалған жағдайда облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерв тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттеріне кредит беру үшін көзделеді.

Облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжамдалған жағдайда, оны жабуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен кредит беру үшін ақша бөлген кезде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға тиісті негізdemелермен және есептеулермен бірге Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы өтінішхат ұсынады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 01.11.2018 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ұсынылған өтінішхаттың негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің осыған ұқсас мәселелер бойынша бұрын қабылданған шешімдеріне және облыстық бюджеттерге,

республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне бұрын берілген кредиттер туралы деректерге сүйене отырып, облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжамдалған жағдайда, оларды жабуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлудің мүмкіндігі не мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

Облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжамданған жағдайда, оны жабуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен кредит беру үшін ақша бөлгендегі кезде мыналар міндетті шарттар болып табылады:

1) облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттеріне кредит беру үшін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген соманың болуы;

2) бөлінетін ақшаның мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген және облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттеріне ағымдағы түсімдермен және белгілі бір есепті кезең үшін облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің тапшылығын қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің шығыстарын қаржыландыруға жіберілуі;

3) жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша берешегінің болмауы;

4) бөлінетін кредит сомасы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті қаржы жылына белгілеген жергілікті атқарушы орган борышының лимитінен асып түсуге әкеп соқтырмайды.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 01.11.2018 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.03.2022 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

38. Кезекті қаржы жылында қолма-қол ақша тапшылығы болжанған кезде жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы қаржы жылы шегінде алты айға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады және республикалық немесе жергілікті бюджеттердің нақтылауды талап етпейді.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.03.2022 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің өтінішхаты бойынша оң қорытынды болған кезде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен облыстық бюджеттердің,

республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға кредит беру үшін ақша бөлу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімінің жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлінген кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде қолма-қол ақша тапшылығын жабуға облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттеріне кредит берудің нақты мерзімі және кредитті өтеудің кестесі көрсетіледі.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 01.11.2018 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.03.2022 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығы болжамдалған жағдайда, олардың бюджет тапшылығын жабуға арналған резерв аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге кредит беру үшін облыстық бюджетте көзделеді.

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттердің қолма-қол ақша тапшылығы болжамдалған жағдайда, оны жабуға кредит беру үшін облыстардың атқарушы органдарының резервтерінен ақша бөлу кезінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті органға тиісті негіздемелермен және есептеулермен бірге облыстардың атқарушы органының резервінен ақша бөлу туралы өтінішхат ұсынады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.10.2017 № 668 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

40-1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжамдалған жағдайда, олардың бюджет тапшылығын жабуға арналған резерв аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне кредит беру үшін тиісті аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетте көзделеді.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжамдалған жағдайда, оны жабуға кредит беру үшін аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдарының резервтерінен ақша бөлу кезінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері бюджетті атқару жөніндегі аудандық (облыстық маңызы бар қала) уәкілетті органға тиісті негіздемелермен және есептеулермен бірге аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органының резервінен ақша бөлу туралы өтінішхат ұсынады.

Ескерту. 2-тaraу 40-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 23.10.2017 № 668 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

41. Бюджетті атқару жөніндегі облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) уәкілетті орган ұсынылған өтінішхаттың негізінде, сондай-ақ облыс немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктің осыған ұксас мәселелер бойынша бұрын қабылдаған шешімдеріне және төменде түрған бюджеттерге бұрын берілген кредиттер туралы деректерге сүйене отырып, тиісінше аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжамдалған жағдайда, оларды жабуға облыстардың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының резервтерінен ақша бөлудің мүмкіндігі не мүмкін еместігі туралы қорытынды береді.

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттердің немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжамданған жағдайда, оны жабуға кредит беру үшін облыстардың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының резервтерінен ақша бөлу үшін мыналар міндетті шарттар болып табылады:

1) тиісінше аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне кредит беру үшін ағымдағы қаржы жылына арналған облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджетте көзделген соманың болуы;

2) бөлінетін ақшаның мәслихаттардың шешімдерімен бекітілген және аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне ағымдағы түсімдермен және тиісінше белгілі бір есепті кезең үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттердің немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің тапшылығын қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттердің немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің шығыстарын қаржыландыруға жіберілуі;

3) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының облыстық бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша берешегінің болмауы;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратарының аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттен бұрын берілген кредиттер бойынша берешегінің болмауы.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.10.2017 № 668 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.03.2022 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттердің немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің қолма-қол ақша

тапшылығын жабуға облыстардың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының резервінен бюджеттік кредит беру қаржы жылы шегінде алты айға дейінгі мерзімге қолма-қол ақша тапшылығы болжанған кезде және республикалық немесе жергілікті бюджеттер нақтыланбай, кезекті қаржы жылында жүзеге асырылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.03.2022 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өтінішхаты бойынша он қорытынды болған кезде облыстық немесе аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттердің немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығы болжамданған жағдайда, оны жабуға кредит беру үшін облыстардың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының резервтерінен ақша бөлу туралы шешімнің жобасын тиісінше облыс немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің қарауына енгізеді.

Облыстардың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының резервінен ақша бөлінетін кезде облыстардың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдарының шешімінде тиісінше аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне қолма-қол ақша тапшылығын жабуға кредит берудің нақты мерзімі және кредитті өтеудің кестесі көрсетіледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.10.2017 № 668 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.03.2022 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43-1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен ақша бөлу туралы шешім қабылданғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тиісті қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізеді.

Қаржыландыру Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде айқындалған тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансфертер түрінде ақша бөлінген жағдайда, тәмен тұрған бюджеттерге қаражатты бірінші аудару бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 2-тарау 43-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2016 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен бөлінген ақшаны алушы бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жыл қорытындылары бойынша тиісінше бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органдарға олардың пайдаланылуы, орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп беруге тиіс.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.05.2018 № 294 қаулысымен

45. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің ақшасын пайдалану және тиісті кезеңге оның қалдығы туралы ақпаратты ұсынады.

46. Сыртқы саяси қызмет жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік материалдық резервтер саласындағы уәкілетті органға алушы елдің Қазақстан Республикасы көрсеткен ресми гуманитарлық көмекті алғаны туралы тиісті ақпаратты береді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.02.2018 № 58 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47. Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тиісті жергілікті атқарушы органның әкімдігіне жергілікті атқарушы орган резервінің ақшасын пайдалану және тиісті кезеңге оның қалдығы туралы ай сайын ұсынады.

48. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану бойынша бюджет және басқа да заңнама талаптарының сақталуын бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 25 сәуірдегі
№ 325 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шептімдерінің тізбесі

1. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 12, 86-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 және 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 565 қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 тамыздағы № 1224 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 36, 346-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 тамыздағы № 1280 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 36, 355-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қыркүйектегі № 1382 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 38, 377-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 қарашадағы № 1789 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 55, 456-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 қарашадағы № 1909 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 56, 473-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 2011 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 57, 487-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2124 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 59, 522-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 ақпандағы № 119 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 18, 138-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қыркүйектегі № 885 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі № 688 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 42, 373-құжат).

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 780 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 46, 420-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 793 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 47, 426-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 қыркүйектегі № 954 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 52, 494-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 1321 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 5, 53-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 ақпандағы № 165 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 21, 257-құжат).

16. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 маусымдағы № 637 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 41, 527-құжат).

17. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 маусымдағы № 667 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 41, 539-құжат).

18. "Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына қауіп төндіретін жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды үйимдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 шілдедегі № 866 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 50, 675-құжат).

19. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 990 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 52, 741-құжат).

20. "Мемлекеттік театрларды, мұражайларды, концерт және мәдени-демалыс үйимдарын субсидиялау мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 1211 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 58, 823-құжат).

21. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қарашадағы № 1281 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 1, 6-күжат).

22. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпанды № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 1654 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы 2012 ж. № 14, 237-күжат).

23. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпанды № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 наурыздағы

№ 352 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 37, 504-күжат).

24. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпанды № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 466 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 43, 583-күжат).

25. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпанды № 220 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 тамыздағы № 1073 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 67, 954-күжат).

26. "Азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын бекіту, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану және "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпанды № 220 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 1280 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 74, 1075-күжат).

27. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпанды № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 қарашадағы

№ 1494 қаулысы.

28. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 392 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 28, 426-құжат).

29. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпанды № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 маусымдағы

№ 650 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 39, 571-құжат).

30. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 26 ақпанды № 220 және "Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу, іске асыруды мониторингілеу және бағалау ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 545 қаулыларына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 906 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 514, 723-құжат).

31. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпанды № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 16 қазандағы

№ 1101 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 59, 817-құжат).

32. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы

26 ақпанды № 220 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 14 қарашадағы № 1227 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 65, 891-құжат).

33. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 желтоқсандағы № 1305 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 69, 920-құжат).

34. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы

26 ақпанды № 220 және "Ұлттық басқарушы холдинг, Ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық

компанияға тиесілі ұйымдар жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың үлгі ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 28 мамырдағы № 787 қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 7 желтоқсандағы № 1323 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 70, 936-құжат).

35. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 1360 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 72, 950-құжат).

36. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы

26 ақпандағы № 220 және "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 198 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 15, 136-құжат).

37. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік резервті сактауды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің шығындарын өтеу, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою, нарыққа реттеушілік ықпал ету және ізгілік көмек көрсету үшін шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары үшін шығындарды өтеу ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 30 маусымдағы № 556 және "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 306 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 25, 200-құжат).

38. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 22 сәуірдегі № 385 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 29, 251-құжат).

39. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 427 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 31, 276-құжат).

40. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9

қазандағы № 1072 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 61, 574-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК